

**Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы,  
№22 орта мектебінде жүргізілген әдістемелік көмек көрсету  
бойынша анықтама**

Ақтөбе қаласы «Әдістемелік кабинетінің» КММ жоспарына сәйкес 2024 жылдың 9 сәуір күнгі №192 бұйрығы негізінде «№22 орта мектебінде» КММ тәрбие жұмысына әдістемелік көмек беру мақсатында төмендегідей құрамда жұмыстары жүргізілді.

**Жұмыс тобының мүшелері:**

Жетекші: А.С. Айтбағанбетов - «Әдістемелік кабинет» КММ әдіскері

**Мүшелер:**

- А.К. Утеньязова - №9 орта мектеп-гимназиясының директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары;

- Г.Е. Анешова - №13 орта мектебінің директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары.

Мектепте барлығы 38 класс комплект бар, оның ішінде 8 класс қазақ класы, 30 класс орыс класы. Барлығы 966 оқушы білім алады.

1. 2023 - 2024 оқу жылының тәрбие жоспары жасалып, мектеп директорымен бекітілген.

2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасардың қызметін екі адам атқарады.

2.1. Шаманова Элла Жардемғалиевна – 19.05.1982 жылы дүниеге келген. Білімі: жоғары, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университет – 2003 жылы, мамандығы басқа ұлт мектептеріндегі қазақ тілі мен әдебиеті. Жалпы еңбек өтілі - 19 жыл, тәрбие орынбасары қызметінде – 4 жыл, санаты жоқ.

2.2 Нургалиева Казина Серкеновна – 07.02.1979 жылы дүниеге келген. Білімі: жоғары, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университет (ағылшын пән мұғалімі) – 2005 ж. Жалпы еңбек өтілі 24 жыл, тәрбие орынбасары қызметінде – 10 ай, санаты жоқ.

**Тәрбие жөніндегі орынбасарлары туралы мәлімет**

| Аты -жөні                          | Жалпы<br>пед өтілі,<br>білімі | Еңбек өтілі<br>лауазымы<br>бойынша | Категория | Ставка | Курс |
|------------------------------------|-------------------------------|------------------------------------|-----------|--------|------|
| Нургалиева<br>Казина<br>Серкеновна | 23                            | 7 ай                               | жоқ       | 1      | 2024 |
| Шаманова Элла<br>Жардемғалиевна    | 20                            | 4 жыл 7 ай                         | жоқ       | 1      | 2024 |

*«№22 орта мектеп» КММ тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік көмек көрсету мақсатында төмендегі құжаттар қаралды:*

- Тәрбие жұмысының жылдық жоспарының болуы;



- Оқушылардың өзін өзі басқару ұйымының жұмысы;
- Әкімшілік мүшелерінде тәрбие жұмысын регламенттейтін НҚА болуы;
- Тәрбие мәселелері бойынша мектепшілік бақылау жоспарының болуы;
- Тәрбие және қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша педагогикалық кеңес отырыстарының хаттамаларының болуы;
- Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссиямен өзара іс-қимыл жасау;
- Ата-аналармен жасалынған жұмыстар;
- Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы;
- Білім алушылардың бос уақытының қамтылуы;
- «BILIMCLASS» электронды журналдың толтырылуы;
- Қызығушылықтар бойынша үйірмелер мен қосымша білім беретін спорт секцияларының тізбесі;
- Қамқоршылық кеңесінің қызметі;
- Қайғылы оқиғалар, жазатайым оқиғалар саны және әрбір жағдай бойынша қабылданған шаралар.

Білім беру ұйымының тәрбие жұмысының жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294 бұйрығына, Ақтөбе облысы білім басқармасының 2023 жылғы 20 қыркүйектегі №398 бұйрығына, Ақтөбе қаласының білім бөлімінің 21 қыркүйектегі №303 бұйрығына сәйкес жасалған. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында 10 жоба бекітіліп, құжаттар жинақталған, әлеуметтік желі сілтемелерімен анықтамалары бар, жоба планерлері толық жасалған, жетекші бекітілген. Бірақ сынып жетекшілерінің тәрбие жоспарлары 130 бұйрыққа сай құрылмаған.

Тәрбие және қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша педагогикалық кеңес отырыстарының хаттамалары ережеге сай жазылған.

«BILIMCLASS» электронды журналында класс сағаттарының тақырыптары класс жетекшілердің жоспарларына, ЖЖЕ және ӨҚН бағдарламаларына сәйкес келеді.

Әкімшілік мүшелерінде тәрбие жұмысын регламенттейтін НҚА бар.

«Ата-аналарды қолдау орталығы» жұмыс жоспары бар, мектеп Instagram парақшасына жарияланғандымен, өткізілген жұмыстардың материалдары түгел жинақталмаған. «Даналық мектебі» жетекшілері бекітілген, топтың құрамы құрылған.

Сонымен қатар, мектепте директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мектеп психологы, әлеуметтік педагог, класс жетекшілермен бірлескен жұмыс жоспарлары бар. Жоспар бойынша бірнеше жұмыстар атқарылған.

Қайғылы оқиғалар, жазатайым оқиғалар саны және әрбір жағдай бойынша қабылданған шаралар арнайы журналға тіркелген.



Қамқоршылық кеңесінің ҚББ тарапынан 17 адамға шығарылған бұйрығы, мектепішілік бұйрық, жұмыс жоспары, хаттамалары бар. Білім алушылардың өзін-өзі басқару ұйымының жұмысының жоспары бар, жұмыс жоспары бекітілген.

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар мен қылмыстарды құқықтық тәрбиелеу және алдын алу жөніндегі жұмысы, құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің жұмыс жоспары жасалған. Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің жоспары құқықтық – лекторлық жұмыс жоспары, хаттамалары жазылған. Кеңес отырысының хаттамалары бар, қойылатын күн тәртібіндегі мәселелер жүйелі жасақталған.

Мектептің 10 оқушысы «Тәуекел тобында» есепте тұрады, мектепішілік есепте - 1 оқушы, сыртқы есепте 1 оқушы тіркелген. Оқушылармен жұмыс папкалары, жеке картотекалары бар. Зорлық-зомбылықтың, буллингтің алдын алу бойынша жоспарлар, өткізілген жұмыстардың анықтамалары және дәлелдеме суреттері бар.

Оқушыларды қосымша біліммен және қызығушылықтары бойынша үйірмелер мен секцияларда жұмысымен қамтамасыз етілген. Спорттық секциялар және үйірмелер саны – 10, қатысатын оқушылар саны - 324. Спорттық секциялардың жұмыс кестесі, оқу жылына арналған жұмыс жоспары бар. Мектептен тыс мекемелерде спорттық және түрлі үйірмелерге - 483 оқушы қатысады. Оқушылардың жалпы секция және үйірмелермен қамтылуы 83,2% Спорттық секцияларға арналған қауіпсіздік ережелер журналы толтырылмаған.

#### Ұсыныстар:

1. Сынып жетекшілердің тәрбие жоспарын 130 бұйрыққа сай құру.
2. Спорттық секцияларға арналған қауіпсіздік ережелер журналын мерзімді жүргізу.
3. «Ата-аналарды қолдау орталығы» бойынша өткізілген жұмыстардың материалдарын жинақтау.

«Әдістемелік кабинет» КММ әдіскері

А.С. Айтбаганбетов

№9 орта мектеп-гимназиясының директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, мүшесі

А.К. Утенязова

№13 орта мектебінің директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, мүшесі



Б. Анешова

«№22 орта мектеп» КММ директоры

Б. Неталина